

**Қ. Н. ӘБУГАЛИЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІІМ Б. БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ІШКІ ІСТЕР  
ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН РЕТТЕЙТІН ЗАҢНАМАНЫ ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ  
МОНИТОРИНГТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ОРТАЛЫҒЫНЫҢ АҒА ҒЫЛЫМИ  
ҚЫЗМЕТКЕРІ, ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ, ПОЛИЦИЯ  
ПОДПОЛКОВНИГІ**

**Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасының жаңа үлгісіндегі  
жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылыққа қарсы әрекет мәселелерін  
ғылыми зерттеудегі өзекті бағыттар**

*Аннотация. Мақалада Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасына қатысты мәселелер қозғалады. Автор тарапынан 2014 жылғы жаңа Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімнің 1 тарауындағы өзгерістерге сын тұрғысында пікір айтылады.*

*Түйін сөздер: заң шығарушы, қылмыстық әділет саласы, кодекс жобасы, негізгі бағыттар, аспектілер, новелла, Тұжырымдама, тарау нормалары, қылмыстық теріс қылық институты.*

Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары мемлекет арқылы қорғалады. Қазақстан Республикасының Конституциясының II бөлімі осы мәселеге тікелей арналған. Конституцияның 1-бабында «ең қымбат қазына — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», — деп жарияланған. Осыған орай, Қазақстан Республикасындағы барлық құқық салалары, оның ішінде Қылмыстық құқықта адамды қорғауды өзінің міндеті деп санайды. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 2-бабында адам мен азаматтың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауы ең басты міндет ретінде көрініс тапқан.

Қылмыстық құқықта негізгі мәселелердің бірі — қылмыстың ұғымын анықтау болып табылады. Жеке адам мен қоғам арасындағы қақтығыстардың қайсысының қоғамға қауіптілік дәрежесінің басым екендігін анықтау және оған осы мәселеде қылмыстық құқылық шараларды қолдану арқылы осы қатынастарды реттеу — қылмыстық заңның негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Қылмыс әр уақытта да белгілі бір іс-әрекеттің (әрекет немесе әрекетсіздіктің) көрінісі болып табылады. Заң шығарушы осындай тұжырымдарға келе отырып, қылмысты әр уақытта да адамның нақты іс-әрекетінің, мінез-құлқының сыртқа шыққан көрінісі екенін атап көрсетеді.

Өткен жылдың шілде айының басында Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Қылмыстық заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізулер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Осыған сәйкес 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексінің қабылдануына орай, еліміздегі барлық қылмыстық әділет саласындағы мамандардың көкейінде қылмыстық заңнаманың жаңа үлгісіне көшу үшін оңтайлы жағдайлар туғызу туралы мәселе тұрды. Мұндай құбылыстың бірінші еместігі, яғни 1998 жылы тәуелсіз Қазақстанның алғаш Қылмыстық кодексі күшіне енген кезеңінен тарихтан белгілі. Бірақ, ол кездегі жағдай мүлдем өзгеше еді. Алғашқы Кодексті дайындау жұмысы 6 жылдай ұзақ уақыттың еншісінде болды. Нақтылай айтсақ, 1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін жариялаған күннен бастап, 1997 жылғы 16 шілдедегі Кодекстің қабылданған кезеңіне дейінгі уақыт аралығы. Әрине, мұндай асықпай істелген жұмыс Кодекс жобасын дайындауда сапалы еңбектің нәтижесін көрсетті<sup>1</sup>.

Ал, 2014 жылғы жаңа Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін дайындауда жағдай тіптен керісінше болды.

Біріншіден, Кодекс аз мерзім ішінде қарқынды түрде дайындалды. Екіншіден, Кодексте сынға ұшырап жатқан жаңа ережелер де баршылық. Үшіншіден, жаңа Қылмыстық кодекстегі ақаулар, қайшылықтар және басқа да кемшіліктер тиісті ғылыми зерттеулер нәтижесінде сараланған жедел түзетулерді қажет етеді.

Ішкі істер органдарында қылмыстық заңнаманың қолданылу мәселесін ескере отырып, тәжірибедегі қажеттілікті сөз етсек, Қазақстан Республикасының жаңа қылмыстық заңнамасындағы өзекті ғылыми зерттеу аспектілерінің бірі жеке адамға қол сұғудың жекелеген түрлері үшін жауапкершілік мәселелері болып табылады. Жеке адамға қарсы қылмыстар (қылмыстық құқық бұзушылықтар) сот-тергеу тәжірибесінде (қылмыстық-құқықтық саралау мәселелерінде) әрдайым айтарлықтай қиындықтар тудырып отырды<sup>2</sup>.

Сол себепті ішкі істер органдарындағы тергеу тәжірибесінің қажеттілігін, сонымен қатар қылмыстық заңнаманың сапасына толығымен әсер ететін тұжырымдамалық-теориялық ережені ескере отырып, түбегейлі ғылыми зерттеуді қажет ететін бағыттар да баршылық. Мәселен, Қылмыстық кодекстің I тарау нормаларына жалпы талдау жасау керек. Сондай-ақ, Қылмыстық кодекстің I тарау нормаларының 2010-2020 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасы ережелеріне сәйкес келуін қамтамасыз етуде Тұжырымдама мақсаттарының міндеттері мен жетістіктерін шешуге қатысты Кодекстің бүкіл өзгерістеріне түбегейлі талдау жасау талап етіледі. Сонымен қатар жаңа кодекстегі Қылмыстық теріс қылық институты — қылмыстық заңнаманың іргелі жаңаруына себеп болған басты тұжырымдамалық новеллалардың бірі болып табылады. Осыған орай, бұл нормаларды отандық құқықтық салада қолданылу келешегіне нақты баға беру үшін Қылмыстық кодекстің I тарауындағы қылмыстық теріс қылықтардың барлық он бір құрамына терең әрі жан-жақты зерттеу талап етіледі.

Түйіндей келе, қандай да бір жаңалық дүние есігін ашпас бұрын, жан-жақты зерттеулер мен сараптамалардан өтуі заңдылық. Асығыстықпен шала қорытылып, қолданысқа түскен дүниелер де өз жемісін берері сөзсіз. Бірақ пайдалы жағынан гөрі көптеген кедергілерді туындататыны ақиқат. Сондықтан қылмыстық заңнамаға қатысты енгізілген жаңалықтар мемлекеттің даму сатысына, халықтың әлеуметтік жағдайы мен менталитетіне орай, әлі де ғылыми-құқықтық зерттеулерден өткені дұрыс деп болжаймыз.

- 
- <sup>1</sup> Головки Л. В. Анализ концепции проекта Уголовного кодекса Республики Казахстан // [Электронный ресурс]. URL: <http://www.zakon.kz/4480131-analiz-konceptii-proekta-ugolovnogo.html>.
- <sup>2</sup> Волженкин Б. В. Уголовный кодекс Республики Казахстан // Правоведение. — 1999. — № 1. — С. 85–88.